

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Әкімшілік құқық және ПО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫ» курсы бойынша
ДӘРІС**

ТАҚЫРЫБЫ: «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы»

ӘҚ ж. ПО-ның ӘҚ кафедрасы
ПӘС мәжілісінде
тақыланып, мақұлданған.
2016ж. №_____ хаттама

Дайындаған:
ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының
профессоры,
полиция полковнигі
Е.Е. Серімов

ҚАРАҒАНДЫ

Дәрісті оқу мақсаты: «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мақсаты, оның басқа заң ғылымдары салаларымен қарым-қатынасын түсіндіру. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін негізгі құқықтық нормативтік актілерді қарастыру. Құқық қорғау органдары жүйесінің түсінігі мен құрылымына, құқық қорғау қызметінің түсінігі мен мазмұнына қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың ар-намысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

Дидактикалық: ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

Әдістемелік: тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

Тәрбиелік: тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:

Ұйымдастырушылық кезең.

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 5 мин.

Кіріспе бөлім – 10 мин.

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

Негізгі бөлім – 65 мин. Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-сұрақ бойынша – 20 мин.

2-сұрақ бойынша – 20 мин.

3-сұрақ бойынша – 20 мин.

Қорытынды бөлім – 5 мин.

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:

- 1) Құқық қорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995-ж. 30.08. (07.10.98., 21.05.2007ж. өзгерістер және толықтырулармен). – Астана, -2008ж.

2. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 1995 жылғы 21 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелеріне бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылғы 9 тамыз.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі. 2001 жылғы 30 қаңтар.
5. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 жылғы 13 желтоқсан.
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бұйрығы: Әскери прокуратура туралы ереже. 1997 жылғы 17 ақпан.
7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бұйрығы: Көліктегі прокуратурасының қызметінің ұйымдастырылуы туралы. 1997 жылғы 10 шілде.
8. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бұйрығы: Түзету ұйымдарында жазаны орындау заңдылығын қадағалаудағы прокуратура туралы ережесі. 2001 жылғы 27 наурыз.
9. Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңес Президиумының қаулысы: ҚР-ғы прокуратура органдарында қызметті өту тәртібі, Қазақстан Республикасының прокуратура қызметін атқару, әскери атағы және класс шіндары туралы ереже. 1992 жылғы 6 шілде.
10. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен бекітілген: Прокуратура органдарының қызметкерлерін құқықтық аттестациялау туралы ереже. 1992 жылғы 1 ақпан.
11. Әлиев М.М. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары. – Астана, 2004.
12. Бахтыбаев И.Ж. Конституционный надзор прокуратуры РК.- Алматы, 2000.
13. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан. Оқу құралы. - Астана, 2000.
14. Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. Оқулық - М., 2001.
15. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Оқу әдістемелік құрал. - Алматы, 2001.
16. Соломичев В.И. Прокурорский надзор за исполнением законов органами, осуществляющими дознание и предварительное следствие. - М.,1998.
17. Сулейменова Г.Ж., Тусупбеков Р.Т. Правоохранительные органы РК. Схемадағы дәрістер курсы. – Алматы, Қарағанды, 2003.
18. Е.Т.Жалбуров, Ш.О.Айкенова, Д.А.Амангельдиев «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары». Дәрістер курсы. Қарағанды, 2007.
19. Ю.Е.Винокуров «Прокурорский надзор». М., 2008. Х.629.1, П 80.

Жоспар:

Кіріспе

1. Қазақстан Республикасы прокуратурасының ұйымдастырылуы және міндеті.

2. Прокурорлық қызметтің бағыттары. Прокурорлық қадағалау: ұғымы, негізгі бағыттары.

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Қазақстан Республикасы 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін біздің мемлекетіміздің дамуының бағыттары мен жолдарын анықтайтын маңызды оқиғалар болып өтті.

Қоғамдағы саяси және экономикалық өзгерістер заңдылық сипаттағы әртүрлі теріс құбылыстардың өсуіне (қылмыстың жедел өріс алуына) жол ашты. Бұл жағдай Республикамыздың құқық қорғау органдарынан заңның күшейуіне барынша ат салысуды, осы өзгерістер талабына сай келетін жаңа заңдылықтарды шығаруға қатысуды талап етті.

Қоғамдағы қылмыстың күшеюі мемлекеттің саясатына, оның өркениетті түрде нарықтық экономикаға көшуіне кедергілер келтіру қаупін туғызды. Еліміздегі осындай жағдайлар қылмыспен және басқа да заң бұзушылықпен күресуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құрылымын дамытуды, сапалы жаңа шаралар қолдануды, жаңа құқықтық база құруды талап етті.

Осы жағдайларда құқық қорғау қызметінің аса маңызды әрекеті-прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының прокуратура органдары ерекше рөл атқарды.

Бүгінгі дәрісімізде ҚР прокуратура органдарының мемлекеттік билік жүйесіндегі мәртебесін анықтайтын негізгі мәселелерді, олардың прокурорлық қадағалау кезіндегі міндеттері мен басқа да қызметтері туралы сөз етеміз.

1. Қазақстан Республикасы прокуратурасының ұйымдастырылуы және міндеті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабы 2-тармағына сәйкес Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды.

Қазақстандағы прокуратура мен ол жүзеге асыратын прокурорлық қадағалаудың қалыптасуы осы мемлекеттік-құқықтық институттың Ресейде қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты. Оның тарихи дамуы барысында қазіргі прокуратура органының жүйесі, оның мақсаттары, қызметі, құзыры және заң бұзылушылыққа құқықтық әсер ету құралдары біртіндеп қалыптасты.

Жақын шет елдерге келсек, Ресейде прокуратура институты өз бастауын 18 ғасырдың бірінші жартысында Сенатта генерал-прокурор және обер-прокурор лауазымдары тағайындалғанда алды.

1711 жылы 1-Петр Жарлығымен Сенаттың жанынан фискалитет институты қызмет ете бастайды. Фискалитетті обер-фискал басқарған, ал 1723 жылы оны генерал-фискал басқарады және оны тек патша тағайындайды, ол тек соған ғана бағынады.

1714 жылы 17-наурызда 1-Петр “Фискалдар және олардың лауазымдары мен қызметтері туралы” арнайы Жарлық шығарады, онда олар тек мемлекетке кімнің зиян келтіргенін “анықтап, жеткізіп және сотта әшкерелеп қана қоймай”, оны дәлелдей білу керек сияқты фискалдардың жауапкершіліктерін анықтап берген.

Қадағалаудың жаңа жолдарын іздену прокуратураның өзіндік институтын құруға әкеп соқты. 1722 жылғы “Сенат лауазымы туралы” Жарғыда генерал прокурор мен прокурорлардың лауазымдары анықталып берілді. Генерал-прокурордың міндеттері “Генерал-прокурордың лауазымы туралы” арнайы Жарғыда көрсетілді. Генерал-прокурор сенаттың тек қағаз жүзінде ғана іс тындырмай, іс жүзінде жарғыда белгіленген міндеттерін орындауы тиіс. Егер Сенат заң бұзушылыққа баратын болса, генерал-прокурор оны тоқтатуға талап ете алады, егер оны тыңдамаса ол істі дереу тоқтатуға құқысы бар. Генерал-прокурорға бағынышты прокурорларды Сенат генерал-прокурордың ұсынысымен тағайындайды. Олар орталық және жергілікті мемлекеттік мекемелерде қызмет етіп, оның жұмысын бақылаған, кез-келген заң бұзушылыққа ғана емес ондағы қызметкерлердің жұмыс тәртібін сақтауына дейін араласып, бақылап отырған. Осындай заң бұзушылықты байқаған прокурор оны түзетуді алдымен ауызша ұсынған, ол көмектеспесе наразылық беру құқығын қолданған. Прокурордың бұл наразылығы ол байқаған заң бұзушылық әрекетті немесе қаулының орындалуын тоқтатқан.¹

Қазақстанда прокуратура органдары 1922 жылы 13 шілдеде ҚазОАК 3-ші

¹ Советская прокуратура. Очерки истории. И.И. Карпецтің басқаруымен, М., 1993, 9-бет

сессиясының 2-ші шақырылуындағы “Прокурорлық қадағалау туралы Ережені” бекіткен Қаулысына сай құрылған. Мұндағы мемлекеттік прокуратура юстицияның Халық комиссариатының құрамында “заңның орындалуын және қылмыспен дұрыс күресуді жүзеге асыруды қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Прокурорға мемлекет атынан билік органдарының, шаруашылық мекемелерінің, жеке жауапты адамдардың әрекеттерінің заңдылығын қадағалап, оны кінәлілер мен заңды қаулыларды бұзушыларға қылмыстық іс қозғау арқылы жүзеге асыру міндеті жүктелген. Сондай-ақ, прокурор қылмысты ашу төңірегіндегі тергеу және анықтау органдарының әрекеттеріне де, қамауға алынғандардың “дұрыс” жазаланғанына да бақылау жасайды. Прокурор соттағы кінә тағудың заңдылығына да жауап береді. Республикамыздың прокурорын ОАК тағайындаған, және ол юстиция комиссарының міндеттерін атқарған.²

Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болғаннан кейін 1992 жылы 17-қаңтарда “Қазақстан Республикасындағы Прокуратура туралы” Заңы қабылданып, оның жаңа деңгейде дамуына жол ашты. Прокуратура саласындағы әрекеттер мен ұйымдастыру шараларының біршама өзгеруіне 1993 жылы 28-қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясы өз үлесін қосып, прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі алатын орны мен рөлін айқындап берді.

Прокуратура органдарының басқа мемлекеттік органдардан мынадай өзгешеліктері бар:

1. Бір ғана нақты қызмет атқарады, ол - Қазақстан Республикасы аумағында жеке және заңды тұлғалардың барлық заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді дәл және бірыңғай қолданылуын қадағалауға алу;
2. Заңды әрекеттердің жүзеге асуын қадағалап отырған органдардың жедел әрекеттеріне араласпау;
3. Өздеріне ғана тән биліктік құзырлар мен арнайы жұмыс істеу әдістеріне ие болу;
4. Прокурордың талаптарын барлық азаматтар мен лауазымды тұлғалар орындаулары тиіс, оны жүзеге асырмау заң жүзінде бекітілген жауапкершілікке тартылуға әкеп соғады.

Прокурор ешқандай жергілікті ерекшеліктер мен жергілікті немесе ведомствалық өктемдікке қарамастан бекітілген заңдардың барлығына бірдей дәлме-дәл әрі біркелкі қадағалауы тиіс. Прокуратура органдарының әрекеттерін тек Республика Президенті ғана бақылап, есеп ала алады (Заңның 1-бабы), бұл оның Республикадағы заңдылықтың ең жоғарғы қадағалауы ретіндегі мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнының ерекшелігін атап көрсетеді.

Прокуратуралық органдар жүйесі Республиканың мемлекеттік құрылымымен оның әкімшілік-аймақтық бөліну формасына сәйкес келеді. Прокуратура органдарының аймақтық құрылымы заңдылықты тікелей

² Тұяқбаев М.А. Развитие прокуратуры Казахстана в период государственно-правовой реформы. А., 1997

орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың жергілікті жерлердегі (аудан, қалалардағы) талаптарына сәйкес құрылған.

Прокуратуралық органдар жүйесі заңдардың дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бірлігі мен бекітілген заңдардың өзара әрекеттестігімен тығыз байланысты ҚР прокуратура органдарының орталықтандырылған жиынтығын құрайды (Заңның 9-б.).

Прокуратуралар әрбір әкімшілік аймақтық бірлікте құрылады, осыған байланысты Республикада **аудандық, қалалық, облыстық және Бас прокуратура** қызмет жасайды.

Ауданға бөлінбейтін қалаларда қалалық прокуратура, ал ауданға бөлінетін қалаларда - аудандық прокуратура қызмет етеді.

Облыстық прокуратура құқығында қызмет көрсететін қалалық прокуратуралар республикалық маңызы бар қалаларда және республиканың астанасында құрылады. Бұл прокуратуралар қаладағы аудандық прокуратуралардың әрекеттерін басқарып, олардың әрекеттеріне қадағалау жасайды.

Мамандандырылған прокуратура қатарына көлік, табиғатты қорғау, арнайы объектілердің прокуратуралары жататын **арнаулы** прокуратуралар жатады. Ол прокурорлық қадағалаудың объектілерінің ерекшеліктерін есепке алып құрылады да, аудандық прокуратура құқығымен әрекет етіп, облыстық прокуратураға бағынады.

Арнайы құрылған прокуратуралардың қатарына **әскери** прокуратураны да жатқызуға болады, оның құрылымы армияда бекітілген ұйымдастыру құрылымына сәйкес келеді. Әскери прокуратура жүйесіне Әскери Бас Прокуратура, әскери бөлімдердің прокуратурасы (армия, құрама, гарнизон), ҚР әскерінің әскери прокуратурасы кіреді. Әскери прокуратура жүйесін Республиканың Бас прокурорының орынбасары болып табылатын Бас әскери прокурор басқарады. Әскери прокурорлардың прокурорлық қадағалауының объектісіне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің заңдылықтары жатады.

Республиканың прокурорлық жүйесінің құрамды бөлігі ретіндегі әскери және арнаулы прокуратуралар жалпы типтегі прокуратура органдарының құрылуы мен жұмыс істеу қағидасы бойынша қызмет көрсетеді.

Занда **ауданаралық** прокуратураның құрылуы да қарастырылған, олардың әрекеті екі немесе одан да көп аудандарда (қалаларда), болмаса қала мен ауданда заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыруға бағытталған.

Прокуратуралық органдар жүйесін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (жоғарғы саты) басқарады. Бас прокуратураны ҚР Бас Прокуроры басқарады, оны бұл лауазымға Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бес жыл мерзімге тағайындайды, және оны бұл лауазымынан тек Республика Президенті ғана босатады.

Бас прокуратураның Орталық аппараты (Заңның 12-б.) прокуратураның төменгі сатысында тұрған барлық прокуратуралар үшін әрекеттерінің негізгі бағыттарын көрсетіп, қадағалап тұратын орталық болып табылады. Оның

көмегі арқылы Бас прокурор прокуратураның органдарының барлық органдары мен мекемелерінің қызметін басқарып, қадағалауды жүзеге асыра алады (Заңның 10,11-б.).

Бас прокуратураның орталық аппаратының құрылымы прокуратура органдарының негізгі бағыттарын есепке ала отырып құрылған.

Бас прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары бар, оларды бұл лауазымға Бас прокурордың ұсынуымен Республика Президенті тағайындап, орындарынан босата алады. Олардың арасында департаменттерді, басқармалар мен бөлімдерді басқару міндеттері өзара бөлінген. Бас прокурордың кеңесшілері, аға көмекшісі және көмекшілері бар.

Бас прокуратурада прокуратура органдарының салалары мен бағыттары бойынша бөлінген мынадай департаменттері, басқармалары мен бөлімдері бар:

☉ мемлекеттік органдардың әрекеттерінің заңдылығын бақылайтын департамент;

☉ алдын-ала анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалайтын департамент;

☉ ЖІӨ (жедел-іздістіру әрекеті) және арнаулы прокуратуралар мен т.б. заңдылығын қадағалайтын департамент.

Департаменттерді, басқарма мен бөлімдерді Республиканың Бас прокуроры тағайындаған бастықтар басқарады.

Департаменттерде, басқармалар мен бөлімдерде аға прокурор және прокурор лауазымдары бекітілген.

ҚР Бас прокуратурасының штаты бас мамандар мен жетекші мамандардан тұрады.

Бас прокуратура Бас прокурордың аға көмекшісі, Бас прокурордың көмекшілері мен мамандардан тұратын секретариаттан тұрады.

Бас прокуратурада коллегия деп аталатын ақылдастар органы құрылған (Заңның 17-бабы). Оның құрамы лауазымды тұлғалардан тұратын 2 топтан тұрады, біріншісіне коллегия мүшелігіне қарай жинақталған адамдар жатса, екіншілерін коллегия құрамына ҚР Бас Прокурор тағайындайды. Лауазымына қарай құрылған топқа Бас Прокурор, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары кіреді.

Коллегия Төрағалығын Республиканың Бас Прокуроры орындайды.

Коллегия отырыстарында заңдар мен құқықтық тәртіпті бекіту, прокурорлық қадағалаудың концептуалдық мәселелері, кадрларды таңдау және тағайындау мәселелері, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың, Бас прокуратура басқармалары мен бөлімдері басшыларының есептері сияқты аса маңызды мәселелер қарастырылады.

Заңдылықты күшейту мен қылмыспен күресудің аса әлеуметтік мәселелері бойынша өткізілетін бірлескен отырыстарды ҚР Бас прокуратурасы басқа құқық қорғау органдарымен келісім бойынша өткізе алады. Коллегия шешімінің негізінде ҚР Бас прокуроры бұйрықтар, нұсқаулар және басқа да ұйымдастыру-билік ету сияқты құжаттар шығарады.

Коллегия отырыстары ҚР Бас прокуроры бекіткен коллегия жұмысының жоспарына сәйкес немесе Республика Бас прокурорының өз нұсқауы бойынша ол белгілеген мерзімде өткізіледі. Нақты мәселелер бойынша ұсыныстарды

оның орынбасары енгізеді. Егер ұйымдастыру-қадағалау басқармасының басшысы даярланған материалдарды тексеріп, оларды дайын деп тапса, ҚР Бас прокуроры күн тәртібі мен отырысқа шақырылатын адамдар тізімін бекітеді.

Жалпы ережесі бойынша ҚР Бас прокуратурасының коллегия отырысы құпиялылық тәртібін бұзбаса, ашық түрде өтеді. Мұндай отырыстарға әдетте баспасөз өкілдері шақырылады.

ҚР Президентінің Жарлығы бойынша 2003 жылы 28-наурызда Республика Бас прокуратурасының жанынан құқықтық статистика мен арнайы есепке алу Комитеті құрылды. Комитеттің мақсаттары:

- біркелкі статистикалық қағидалар мен стандарттар негізінде мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіп бойынша ақпараттармен тиімді және барынша қамтамасыз ету;
- мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту.

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы прокуратура органдарының кадрларының біліктілігін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру институты жұмыс жасайды.

Прокуратура органдары жүйесінің екінші сатысына прокурорлар басқаратын облыстық прокуратура мен республикалық маңызды қалалар мен республика астанасындағы прокуратура жатады, ол прокурорларды бес жыл мерзімге Республика Бас прокуроры тағайындайды (Заңда 11-б. 7-т.).

Облыстық прокуратура прокурорлары өздері тікелей де, қалалық (аудандық) прокурорлар арқылы өздеріне тиесілі аймақтарда заңдылықтардың қолданылуына қадағалау жасайды.

Бас прокуратура қағидаларының негізінде құрылған облыстық прокуратура құрылымында да басқармалар, бөлімдер, сондай-ақ коллегия құрылады.

Прокуратура органдарының жүйесінің төменгі және негізгі сатысына қалалық, аудандық және соларға теңестірілген прокуратуралар жатады, оларды бес жыл мерзімге Бас прокурордың тағайындауымен прокурорлар басқарады. Жоғарыда тұрған прокуратуралардан олардың айырмашылығы бұл прокуратуралардың құрылымында бөлімшелер жоқ, олар тек бөлімдерге ғана бөліне алады(15-б.). Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларының штаттық саны олар атқаратын жұмыстардың көлемі мен қаланың немесе ауданның аумақтық-экономикалық ерекшелігіне байланысты.

Прокуратура органының құрылымдық сатысының біріне арнаулы прокуратура жатады. Арнаулы прокуратураға әскери, табиғатты қорғау, көлік, сондай-ақ арнаулы объектілердің прокуратуралары жатады.

Әскери прокуратура Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа да ҚР заңдылықтарына сәйкес құрылған әскер және әскери құрылымдардың әрекеттеріне прокурорлық қадағалауды жүзеге асырады.

Әскери прокуратура мынадай құрылымнан тұрады:

- Әскери Бас Прокуратура;
- әскери аймақтардың, әскери топтардың, флоттардың прокуратуралары;
- гарнизондардың, бірлестіктер мен жасақтардың, оларға теңестірілген аудандық және қалалық прокуратуралары.

Әскери прокуратура органдарын ҚР Бас прокурорының орынбасары - Бас әскери прокурор басқарады. Әскери прокуратура органдарының құрылымы мен штатын Республиканың Бас прокуроры бекітеді.

Әскери прокурор өз әрекеттерін мынадай істерге бағыттайды:

- ☉ Қарулы Күштердің қауіпсіздігі мен әскери дайындығы, әскери тәртіп пен әскери қызметті өткерудегі бекітілген тәртіп;
- ☉ әскери қызметкерлердің, қайта шақырылған әскери міндеттілердің, олардың отбасы мүшелерінің, Қарулы Күштердегі қызметкерлердің, басқа да азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтары;
- ☉ Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінің, мекемелерінің, әскери-оқу орындарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделері;

Көлік прокуратуралары теміржол, су және ауа көліктері салаларында құрылып, аудандық прокуратураға теңестірілген құқықта қызмет етеді.

Көлік прокуратурасы облыс прокурорына бағынады, орта сатыда өзінен жоғары тұрған арнаулы прокуратурасы жоқ.

Оның құзырына мыналар жатады:

- ☉ жалпы қадағалауды жүзеге асыру;
- ☉ көлік саласындағы анықтау, алдын-ала тергеу әрекеттерінде және жедел іздестіру әрекеттеріндегі заңдылықтарға қадағалау;
- ☉ көлік саласындағы ішкі істер органдарының әкімшілік әрекеттеріндегі заңдылықтарың қолданылуын қадағалау;
- ☉ қылмыстық және азаматтық істер бойынша соттарға қатысу.

Бас бостандығынан айыру және басқа да сот тағайындаған еріксіз сипаттағы қылмыстық жазалау шараларының орындалуының заңдылығына әсер етуді күшейту мақсатында ауданаралық прокуратура құқығында қызмет етіп, облыстық прокурорға бағынатын қылмыстық-орындаушылық жүйесіндегі мекемелердегі заңдылықты қадағалайтын (ерекше объектілердің) прокуратурасы құрылды.

Бұл прокуратураларға Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан барлық қылмыстық-орындаушылық жүйе мекемелерде және арнаулы типтегі психиатриялық стационарлардағы заңдылықтардың қолданылуын қадағалау жүктелген.

Елімізде экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына және табиғатты және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың орындалуына прокурорлық қадағалауды күшейту қажеттігіне байланысты прокуратура органдарының жүйесінде табиғатты қорғау прокуратурасы құрылды. Олар ауданаралық прокуратура қағидасын құру негізінде құрылып, облыстық прокурорларға бағынады.

Табиғатты қорғау прокуратурасының алдында мынадай мақсаттар тұр:

- табиғатты ластау көздерін жоюға, экологиялық қылмыстардың білікті тергеу жүргізуге қол жеткізу;
- осы істер бойынша сотарда мемлекеттік айыптауды қолдау;
- табиғи байлықтарға, атмосфералық ауаға, жерге және су көздеріне деген бейберекет қарым-қатынас жайындағы фактілерге жедел шара қолдану.

Қазақстан Республикасының прокуратура әрекеттері мынадай қағидаларға сүйенеді (Заңда 3-б.):

- бірлік пен орталықтандыру;
- прокуратура органдарының басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, саяси партиялар мен басқа қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіздігі;
- прокуратура әрекетіне қол сұғуға тыйым салуы;
- прокурорлық қадағалаудың міндетті түрде актіленуі;
- жариялылық.

Прокуратура **бірлігі** мынадан тұрады:

- прокуратура жалпы және арнаулы органдары Республиканың Бас Прокурорына бағынатын біртұтас мемлекеттік орган болып табылады;
- барлық прокуратура органдарының ұйымдастыру және әрекет ету қағидалары біртұтас; заңдылықты қадағалайтын прокурорлық қадағалаудың мақсаты, міндеттері, формасы мен әдістері прокуратураның барлық сатыларына тән заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады;
- прокуратураның барлық органдары біртұтас құрылымымен және заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асырудың жалпы қызметтері бір-бірімен тығыз байланысты;
- прокурорлар бірдей өкілеттілікке (кейбір ерекшеліктер болмаса) ие: өкілеттіліктердің айырмашылығы олар әрекет ететін аумаққа байланысты;
- әр прокурор біртұтас прокурорлық билік атынан қызмет етеді және осы жүйе атынан әрекет етеді;
- кез-келген прокурор өзінен төмен тұрған прокурордың міндеттерін орындай алады.

Прокуратураның **орталықтандырылуы** мынадай әрекеттерден тұрады:

- прокурорлардың бағыныштылығы жоғарыдан төменге бағытталған (барлық төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға бағынады, ал барлық прокурорлар Республиканың Бас Прокурорына бағынады);
- жоғарыда тұрған прокурорлар төменгі прокурорлардың әрекетіне бақылау жасайды;
- төменгі прокурорлар жоғарыда тұрған прокурорларға есеп береді;
- жоғарыда тұрған прокурорлар өзіне бағынатын прокурорлардың жоғарғы қадағалауды жүзеге асырудағы жұмыстарын ұйымдастыру мен әрекет етуіне жауап береді;
- прокурорлық лауазымға тағайындаудың орталықтандырылған тәртібі барлық прокурорлар үшін жоғарыдан төменге қарай (Заңның 11-б. 7-т.);
- жоғарыда тұрған прокурорлар төменде тұрғандарға нұсқау беріп, олардың заңсыз және негізсіз актілеріне қарсылық көрсете алуға құқықты әрі міндетті.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден **тәуелсіздігі** дегеніміз әрбір өзіне бекітілген қызметті атқаруда тек ҚР Конституциясын, Республика заңдарын және Бас Прокурордың нұсқауларын басшылыққа алады дегенді білдіреді. Мұндай тәуелсіздікті қамтамасыз етуге мынадай жүйе кепілдік бере алады:

1. Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал ету

(Заңның 6-б.1-т., 50-б.2-т.);

2. Заңды түрде прокурорларды лауазымға тағайындау, олардың есеп беруі мен әрекеттерін ұйымдастырудың айрықша ережесінің бекітілуі;
3. Прокуратура органдарын республикалық бюджет негізінде қаржыландыру (Заңның 56-б.);
4. Мемлекеттік қаржы негізінен прокурорларды материалдық және әлеуметтік жағынан қамсыздандыру;
5. Прокурорларға қол сұқпаушылық (Заңның 05-б. 4-т.).

Бірақ прокуратура органдарының тәуелсіздігі оларға бақылаудың жоқтығын білдірмейді. Мысалы, Республиканың Бас Прокуроры Республика Президентінің алдында есеп береді (Заңның 11-б. 8-т.), прокурордың әрекеттері мен актілері жоғарыда тұрған прокурорға немесе сот қарауына жіберіле алады.

Өздерінің заңда белгілеген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салу құқықтық кепілдік жүйесімен жүзеге асырылады (Заңның 6-б.)

Прокурорлық қадағалау актілерінің міндеттілігі оларды орындау барлық мемлекеттік, лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті екенін білдіреді. Бұл қағида прокурордың нұсқамалары мен шешімдерін жүзеге асырудың негізі болып табылатынын білдіреді. Оларды жүзеге асырмау заңды жауапкершілікке тартуға әкеп соғады. Бұл ереже прокурордың заңды биліктік өкілеттілігі бар екенін және ол мемлекет атынан әрекет ететінін дәлелдейді.

Прокуратура органдарындағы **жариялылық** прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы ҚР заңдарының талаптарына, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарға қайшы келмейтіндей деңгейде іс-қимыл жасаудан, заңдылық жағдайы туралы мемлекеттік билік органдарына, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына, азаматтарға ақпарат беруді білдіреді.

Прокуратура органдарының жүйесінің әрекетінің **мақсаттарына** мыналар жатады:

- заңның жоғарылығын , заңдылықтың біртұтастығы мен күшеюін қамтамасыз ету;
- адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау;
- қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау.

Міне осыларға байланысты Қазақстан Республикасының прокуратура органдары олардың алдына заңды түрде қойған міндеттер мен қызметтерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін біртұтас орталықтандырылған жүйе болып табылады.

2. Прокурорлық қызметтің бағыттары. Прокурорлық қадағалау: ұғымы, негізгі бағыттары.

Прокуратура бірнеше әрекеттерді жүзеге асырады: олардың бірі прокурорлық қадағалауды жүзеге асырса, екіншілері басқа бағыттарда қызмет етеді.

Барлық прокуратура органдарының әрекеттерінің басты бағыттарына прокурорлық қадағалау жатады.

Прокурорлық қадағалау, оның пәні мен шегі, прокурор өкілдігі, заң бұзушылықтың көзін жоюдың нысандары мен құралдары заңдылыққа бақылау жасайтын басқа мемлекеттік органдардан өзіне тән белгілермен ерекшеленеді.

Біріншіден, прокурорлық қадағалаудың ауқымы кең. Ол барлық министірліктерге, комитеттерге, қызметтер мен басқа да орындаушы билікке, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне әсер ете алады.

Прокуратура барлық заңдарға, сондай-ақ олардың негізінде шығарылған нормативтік құқықтық актілер мен құқықты қолдану актілеріне қадағалау жасайды.

Екіншіден, қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор ұйымдардың, мекемелердің және лауазымды тұлғалардың шаруашылық, басқару және жедел әрекеттеріне араласпайды (тек қылмысты алдын-ала тергеу ісіне ғана араласа алады). Прокурор ешқандай әкімшілік билік жүргізе алмайды және өзі қадағалап тұрған ұйымдарды басқара алмайды. Ол мысалы Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкері сияқты өрт қауіпсіздігін бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тарту шарасын қолдану сияқты жазалау шарасын өз бетімен белгілей алмайды. Бірақ заң бұзушылықты байқаған прокурор әкімшілік құқықбұзушылық туралы өндірісті қозғап, оны осыған құзырлы органдарға бере алады, істі қарап, жазбаша түрде ол туралы осыған құзырлы лауазым иелеріне хабарлай алады.

Жоғарыда аталғандарды қорыта келгенде, прокурорлық қадағалау дегеніміз мемлекет атынан әрекет етуге құзырлы арнаулы лауазымдағы тұлғаның-прокурордың Қазақстан Республика аумағында барлық заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етуді кез-келген заң бұзушылықты дер кезінде анықтап, болдырмау шараларын қолдану және оған кінәлілерді жауапкершілікке тарту жолдары арқылы жүзеге асыруы болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың нысанасына:

- Қазақстан Республикасының Конституциясының орындалуы;
- Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын заңдардың орындалуы;
- Заңды құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігі.

Осыған сәйкес, прокуратура әрекетінің мақсаты ҚР Конституциясының, заңдардың жоғарылығын қамтамасыз ету, адам және азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін

қорғаудың заңдылығының біртұтастығын күшейту.

Осы мақсаттарға жету үшін Прокуратура туралы Заң қадағалаудың бес бағытын көрсетеді:

1. Адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерінің сақталуына қадағалау жасау;
2. Жедел-іздістіру әрекеттеріне қадағалау жасау;
3. Тергеу және анықтаудың заңдылығын қадағалау;
4. Әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалау;
5. Орындаушы өндірісінің заңдылығын қадағалау.

Жоғарыда көрсетілген қадағалау түрлері теорияда және практикада прокурорлық қадағалау саласы деп аталады. Прокурорлық қадағалаудың саласы дегеніміз қадағалау нысанасы, қадағалаудағы объектілердің құқықтық ережелер ерекшелігіне, прокурор өкілеттілігімен, прокурорлық әрекеттің белгілі-бір нысандары мен әдістеріне, прокурордың заң бұзушылыққа белгілеген құқықтық актілерге негізделген қадағалау бағыты болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың әрбір саласы өзіндік жеке нысанаға және осы салаға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру құралдарына ие.

Прокурорлық қадағалаудың аса бір маңызды салаларының бірі адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерінің сақталуына қадағалау жасау. Ол адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылатындықтан, оны мойындау, сақтау және қорғау мемлекеттің міндеті деп көрсетілген ҚР Конституциясының 1-бабына сәйкес негізделген. Оны жүзеге асырудағы прокурордың құқықтары мынадай:

- адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзу туралы кез-келген өтініш, арыз және тағы басқа хабарларды қарап, тексеру;
- жәбірленушіге оның құқығы мен бостандығын қорғау тәртібін түсіндіру;
- адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзуды алдын-алу және жолын кесу, заңды бұзған тұлғаларды жауапқа тарту, және келтірілген шығынның орнын толтыру шараларын қолдану ;
- қылмыс жасаған тұлғалардың қылмыстық жауапкершілікке тартылуына шаралар қолдану;
- адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзудан жәбір көрген тұлғаның егер жәбірленуші денсаулығына байланысты немесе жасына не басқа да себептерге байланысты өзінің құқығы мен бостандығын қорғауға мүмкіндігі болмаса, немесе біршама азаматтардың құқығы мен бостандығы бұзылса, немесе бұл іс белгілі-бір себептермен қоғамдық маңызға ие болса, онда олардың мүддесін сотта қорғау және қолдау;
- Заңның 29-бабында көрсетілген құзырларды қолдану.

Жедел-іздістіру әрекеті, анықтау және алдын-ала тергеу жасауды жүзеге асыратын органдардың заңдарды қолдануына қадағалау жасаудың нысанасына адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар жөнінде хабарлау және өтініш жазуға рұқсат ету тәртібін сақтау, жедел-іздістіру шаралары мен тергеуді жүргізу, сондай-ақ жедел-іздістіру әрекеті, анықтау және алдын-ала тергеу жасауды жүзеге

асыратын органдардың шешімдерінің заңдылығы жатады.

Прокурорлық қадағалаудың осы саласын жүзеге асыра отырып прокурор мыналарды талап ете алады:

1. Анықтау және алдын-ала тергеу органдарынан қылмыстық істерді, құжаттарды, материалдарды және басқа да жасалған қылмыстар туралы, анықтау жасау мен алдын-ала тергеу және қылмыс жасаған тұлғаларды анықтаудың барысы жөніндегі мәліметтерді тексеру үшін талап ете алады; жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар жөнінде өтініш жазу және хабарламаны қабылдау, тіркеу және рұқсат беру туралы заңдар талабының орындалуын кем дегенде айына бір рет тексереді.
2. Жедел-ізвестіру әрекетін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан жедел есепке алу істері бар құжаттарды, жедел-техникалық құралдарды қолдана отырып жедел-ізвестіру шараларын өткізгені туралы материалдарды, сондай-ақ жедел-ізвестіру шараларын өткізу тәртібін реттейтін есепке алу-тіркеу құжаттары мен ведомствалық нормативтік-құқықтық актілерді талап ете алады.
3. Жедел-ізвестіру әрекеттерін жүзеге асыратын ұйымдасқан қылмыстық топтарға енгізілген, органдардың жасырын қызметкерлерінен, сондай-ақ осы органдарға құпия түрде көмек көрсетіп жүргендерден жазбаша жазылған келісім хат алынады, олар туралы мәліметтер алады, ал қажет болған жағдайларда жоғарыда аталған тұлғаларды олардың келісімінсіз-ақ қылмыстық жауапкершілікке тарта алады.
4. Тергеушілер мен анықтау жүргізген тұлғалардың заңсыз және негізсіз жасаған қаулыларының күшін жоя алады;
5. Қылмысты тергеу туралы, алдын-алу шараларын таңдау, өзгерту немесе болдырмау туралы, қылмысты сараптау, жеке тергеу әрекеттерімен қылмыс жасаған адамды іздеу өндірістері туралы жазбаша нұсқаулар бере алады;
6. Өндіріске алынған қылмыстық істер бойынша жедел ізвестіру шараларын өткізу туралы жазбаша нұсқаулар бере алады;
7. Қылмыс жасаған адамдарды ұстау, алып келу, қамауға алу, тінту жасау, іздеу туралы қаулыларды орындауға, сондай-ақ прокурордың немесе прокурордың тергеушісінің өндірісінде жатқан істер бойынша қылмыстарды ашу және оны жасаған тұлғаларды анықтау үшін қажетті шараларды қабылдау туралы анықтау органдарына нұсқаулар бере алады.
8. Пошталық-телеграфтық корреспонденцияға тінту жасау, тыйым салу және оны тартып алуға, кінәліні лауазымынан босатуға және басқа да тергеуші мен анықтау органының ҚПК көрсетілген жағдайларға байланысты әрекеттеріне рұқсат етеді;
9. Тергеу және қамауда ұстау мерзімін қылмыстың жолын кесу шарасы ретінде ҚПК көрсетілген жағдайларға байланысты ұзарта алады;
10. Анықтау және алдын-ала тергеу органдарына қылмыстық істі қосымша тергеу жұмысын жүргізу үшін қайтарып береді;
11. Анықтау органынан кез-келген істі алып тергеушіге бере алады, жалпы істерді алдын-ала тергеу органының бірінен екіншісіне, бір тергеушіден екіншісіне толық және объективті тергеу жұмысы жүру үшін бере алады;

12. Егер істі тергеу кезінде заң бұзушылық байқалса, ол істі жүргізуден анықтау немесе тергеу жүргізген адамды алшақтата алады;
13. Қылмыстық істі қозғай алады немесе оны қозғаудан бас тарта алады; қылмыстық істер бойынша өндірісті тоқтата немесе уақытша тоқтата алады; ҚПК қаралған жағдайларда тергеушіге немесе анықтау жүргізген органға қылмыстық істі тоқтатуға келісімін бере алады; айыптау қорытындысын (қаулыны) бекіте алады; қылмыстық істерді сотқа жібере алады.
14. Жедел-ізвестіру әрекетін жүзеге асырушы органның (лауазымды тұлғаның) заңды және жеке тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін бұзған болса, осы құқықтар мен мүдделердің және шығындардың орнын толтыру үшін шаралар қолданады.

Прокурор Заңда және ҚПК көрсетілген басқа да өкілеттілікті жүзеге асырады, ал ҚР Бас Прокуроры заңдық реттеуді қажет етпейтін алдын-ала тергеу мен анықтау мәселелері бойынша орындалуы міндетті нұсқаулар береді.

Жазалау мен сот белгілеген басқа да мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелер мен әкімшілік органдарының, ұстау және қамауға алу орындарының әкімшіліктерінің заңды қолдануын қадағалаудың нысандарына мыналар жатады:

- ұсталғандарды және алдын-ала қамауға алатын жерлерде, түзету және басқа да сот белгілеген жаза мен мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде тұлғалардың заңды түрде отыруы;
- ұсталған, қамауға алынған, мәжбүрлеу сипатындағы шаралар қолданылғандардың құқықтары мен міндеттерін, оларды ұстау тәртібі мен ұстауының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орындалуы;
- бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ жазалардың орындалуының заңдылығы.
- Прокурорлық қадағалаудың осы саласының құралдарына прокурордың мынадай құқықтары жатады:
- кез-келген уақытта ұсталғандарды және алдын-ала қамауға алатын жерлерге, түзету және басқа да сот белгілеген жаза мен мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерге бару;
- ұсталғандарды және алдын-ала қамауға алынғандарды, мәжбүрлеу сипатындағы шараларын өтеп жүргендерді, сотталғандарды тергеу;
- ұсталған және алдын-ала қамауға алынған тұлғалардың, сотталған немесе мәжбүрлеу сипатындағы шараларды өтеп жүргендердің құжаттарымен, жедел материалдармен танысу;
- жоғарыда аталған адамдарға жағдай жасауды әкімшіліктен талап ету, жазалау мен сот белгілеген басқа да мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелер мен әкімшілік органдарының, ұстау және қамауға алу орындарының әкімшіліктерінен ҚР заңдылықтарына сәйкес бұйрықтарды, өкімдерді, қаулыларды тексеру, лауазымды адамдардан түсініктеме алу, қарсылық білдіру. Қарсылықты қарауға дейін мекеме әкімшілігінің наразылық білдіру актісі тоқтатылады.

Күдіктілер мен кінәлілерді қамауда ұстайтын орындардың әкімшілігі ҚР

заңдылықтарында бекітілген қамауда ұстау тәртібіне сәйкес прокурор берген қаулыларды орындауға міндетті.

Прокурорлық қадағалаудан басқа заң прокурор әрекеттерінің өзге де бағыттарын айқындап берген:

1. ҚР қылмыстық-процессуалдық заңдылықтары бекіткен құзырына сәйкес қылмыстық ізге түсу;
2. Қылмыспен күресу бойынша құқық қорғау органдарының әрекеттерін үйлестіру;
3. Жалпы юрисдикция істерін соттардың қарауына қатысу;
4. Соттардың заңға қайшы келетін шешімдеріне, үкімдеріне, анықтамалары мен қаулыларына қарсылық білдіру;
5. Құқықтық шығармашылық жұмыстарға қатысу;
6. Мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады және құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуына қадағалау жасайды.

1992 жылға дейін прокуратура органдарының әрекетінде прокурорлық қадағалаудың тағы бір саласы қызмет етті, ол - істі сотта қарау кезінде заңдылықтың қолданылуына қадағалау жасау. Прокурорлық қадағалаудың мұндай саласы құқықтық мемлекет концепциясына карама-қайшы келетіндіктен 1992 жылғы 17-қаңтарындағы ҚР Прокуратура туралы заңында көрсетілмеген. Сот билігі прокурор қадағалауында болмауы керек. Сот барлық құқықтық жүйенің басында тұр. Прокурор сот өндірісінің тек қана қатысушысы, сот процесіндегі бір жақтың өкілі. Сондықтан прокурордың соттағы өкілеттілігі прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруда қолданатын өкілеттігінен ерекшеленеді.

Белгіленген тәртіпте енгізілген прокурордың кез-келген ұсыныстары сот үшін заң жүзінде оны қарау, оған жауап қайтару ретінде ғана міндетті. Басқа барлық жағдайларда кез-келген істерді шешу мәселесі тек сотқа байланысты. Мұндай тәртіп сот тәуелсіздігі мен құқықтық жүйенің тұрақтылығына кепілдік береді.

Соттардың істерді қарау ісіне прокурордың араласуы соттардың істі қарау кезінде қатысуы түрінде, сондай-ақ сот шешімдеріне өз ұсынысын ұсыну жолымен жүзеге асады. Сотта қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыра отырып, прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады.

Сотта мемлекеттік айыпты таға отырып прокурор сотталушыға байланысты қылмыстық заңды қолдану мен жазалау шарасын белгілеу мәселелері бойынша өз пікірін білдіреді. Егер соттық іс қарауда ол таққан айып негізсіз болса, ол айып тағудан бас тартуы керек.

Егер азаматтарды және қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау қажет болса, прокурор сотқа өтініш жасауға немесе іс жүргізу процесінің кез-келген деңгейінде араласуға құқылы.

Қылмыспен күресу бойынша құқық қорғау органдарының әрекеттерін үйлестіру.

“Үйлестіру” ұғымының этимологиялық түп-төркіні “келісім” дегенді білдіреді. Құқық қорғау органдары әрекеттеріндегі “үйлестіру” термині

қылмыспен күресу бойынша аса әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша біріккен шараларды әзірлеу және практика жүзінде жүзеге асыру, заңдылық пен құқықты күшейту дегенді білдіреді. Бұл үйлестіру шарасын үнемі қызмет ететін үйлестіру кеңесі қамтамасыз етеді. Олар құқық қорғау органдарының басшыларынан тұрады.

Үйлестірудің кең тараған нысандарына: ведомство аралық жиналастарды ұйымдастыру және өткізу; жергілікті органдарға қылмыспен күресуді ұйымдастыруды тексеру мен практикалық көмек көрсету үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің біріккен жұмыстары; қылмыспен күресті ұйымдастыру бойынша біріккен жұмыс жоспарларын жасау; ақпараттық хаттармен әдістемелік нұсқаулар жіберу; бірыңғай есеп пен статистикалық есеп беруді жасау.

Прокуратура сондай-ақ құқықтық шығармашылыққа қатысады. Прокурор өз құзырлығын жүзеге асыру барысында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру қажеттілігіне байланысты заң шығарушы органдар мен заң шығаруға құқығы бар органдарға заңдарды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қабылдамау туралы, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Жоғарыда келтірілген прокуратура органдарының әрекеттерінің бағыттары осылар. Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратурасы ҚР қолданыстағы заңдары қарамаған қызметтерді атқаруға тиіс емес.

Республиканың қолданыстағы заңдары бойынша прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады да, олардың құқықтық мәртебесі 1999 жылы 23 шілдедегі ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” жалпы Заңында емес, арнаулы заң актісі – 1995 жылы 21 желтоқсандағы ҚР “ҚР прокуратурасы туралы” Заңында реттеледі.

Мұндай ереже прокуратура органдарының қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі басқа да құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің қызмет етіп жатқан мемлекеттік органдарының мақсаттары мен қызметтеріне тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Осыған байланысты, прокуратура органдарының қызметкерлерінің мәртебесі ҚР 1995 жылы 21-желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” Заңында (Әрі қарай Заң деп аталады), сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілерде, атап айтқанда: 1992 жылы 6-шілдедегі Қазақстан Республиканың Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Қаулысында бекітілген прокуратура органдарында қызметін өтеу туралы, прокуратура органдарының жұмыскерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары туралы Ережеде, жоғарыда аталған Заңға (ҚР прокуратура туралы) қайшы келмейтін еңбек туралы және бөлімдердегі мемлекеттік қызмет туралы заңдарда анықталған. Сонымен қатар, прокуратура органдарының жүйесіне әскери прокуратура енетіндіктен ондағы қызметкерлердің мәртебелері жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілермен қатар, 1997 жылы 17 ақпандағы Қазақстан Республиканың Бас Прокурорының №2 Жарлығы бекіткен әскери прокуратура туралы Ережемен реттеледі. Прокуратура органдарында қызмет атқаратын аттестацияланған мамандардың (мемлекеттік

әкімшілік қызметшілер) мәртебесі тек еңбек және мемлекеттік қызмет туралы заңмен реттеледі.

Прокуратура органдарының қызметкері лауазымына ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңының мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардан басқа кәсіби, дене және моральдық сипаттағы мынадай талаптар негізінде қабылданады:

- юристік білімі;
- лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі жасайтын ауруларының болмауы;
- қажетті моральдық-адамгершілік қасиеттерге ие болу.

Тәжірибе жүзінде, әрине, компетентсізі де, жұмысқа аса берілгені де кездеседі, бірақ бұл жағдайда заң прокурорлық жүйені дұрыс мамандармен қамтамасыз ету үшін негізгі сүйенетін бағдарды ұсынып отыр.

Заңның 48-б. 2-т. сәйкес прокуратура органдарының қызметкерлеріне прокурор лауазымына аттестацияланған, және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық қызметті атқаратын прокуратураның ғылыми және білім беру мекемелерінің аттестацияланған қызметкерлері болып табылатын адамдар жатады. Заң шығарушы прокуратура органдарының қызметкерлері мынадай екі топты құрайтын қызметшілерді жатқызады: біріншісіне, прокурор лауазымына аттестацияланған адамдар, екіншісіне, прокуратураның ғылыми және білім беру мекемелерінің аттестацияланған қызметкерлері. Мұндай бөліну жайдан-жай емес, бірінші топқа жататындарды қолданыстағы заңдар мен юристік әдебиеттерде “прокурорлар” деп атаса, екіншілерін - “прокурорлық қызметкерлер” деп атайды.

“Прокурор” түсінігі заң актілерінде әртүрлі мағынада қолданылады. Бірінші жағдайда ол прокуратураны басқаратын адам. Екіншіден, ол прокурорлық лауазымдағы прокуратура органдарының барлық адамдарын қамтиды.

Прокурорлық лауазымға - Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, оның орынбасарлары, аға көмекшілері, ерекше тапсырмалар бойынша көмекшілері, прокуратура органдарының департаменттерінің, басқармаларының және бөлімдерінің басшылары сияқты лауазымдар жатады. Осындай лауазымдардың қатарына барлық төменде тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, аға прокурорлар мен прокуратура органдарының басқармаларының және бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар (Заңның 48-б. 1-т.) жатады.

Заңның 48-бабы 1-тармағына сәйкес “прокурор” түсінігі өз құзыры шеңберінде заңдарды, ҚР Президентінің жарлықтарын, және басқа да нормативтік құқықтық актілерін дәл және бірыңғай қадағалау, жедел-іздігіру әрекеттерін, анықтау, тергеу, әкімшілік және орындаушы өндірістерде заңдылықтарын қадағалау, сотта мемлекет мүддесін қорғайтын, сондай-ақ заң бекіткен тәртіпте және шегінде қылмыстық ізіне түсуді жүзеге асыратын лауазымды адамды білдіреді.

“Прокурорлық қызметкерлер” түсінігі қолданыста жүрген республикалық

құқығында ресми түрде қолданылмайды, ол біздің ойымызша үлкен кемшілік. Бұл түсінікті прокуратура туралы қолданыста жүрген заңдарға енгізу прокуратура мекемелерінің және органдарының әскери прокуратураға тән сыныптық шендері мен атақтары бар, бірақ мемлекеттік қадағалау мен айыптау қызметтерін және басқа да жедел әрекеттерді орындауға байланыссыз қызметкерлердің кең ауқымын қамтып, олар жайлы дәл және нақты сипаттамалар беруге мүмкіндік жасар еді. Прокурорлық қызметтерге құқықтық мағынада, біздің ойымызша, ҚР Бас прокуратурасының ғылыми және білім беру мекемелерінің ғылыми және педагогикалық қызметкерлерін, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика мен ақпарат Орталығының қызметкерлерін және басқа да прокуратура органдары мен мекемелерінің қызметкерлерін жатқызуға болады.

Прокуратура органдарына қызметке тұру үшін Республикалық мемлекеттік қызметші кадрлар туралы мәліметтер беру мен азаматтарды міндетті арнаулы тексеруден өткізу Орталығына алдан-ала тапсырыспен тексеріп алу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметші кадрлары туралы мәліметтер мен азаматтарды міндетті арнаулы тексеруден өткізу Орталығына тапсырыс беру прокуратура органдарына қызметке тұрғысы келген адамды тексеру және таңдау, олар жайлы мәліметтерді нақтылау мақсатында жүргізіледі.

Арнаулы тексеру тек қана прокурорлық лауазымға қабылданып отырған адам ғана емес, прокуратура органдарына әкімшілік қызметке орналасқысы келетін адамдарға да жүргізіледі.

Прокуратура органдарының қызметіне, мемлекеттік қызмет сияқты бұрын сотталған, тіпті соттылығы өтелген немесе заңда бекітілген тәртіп бойынша соттылығы алынып тасталған адамдар алынбайды.

Прокуратура органдарына сондай-ақ ақталмаған негізде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, кінәсі дәлелденбеген жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, соттылық мерзімі әлдеқашан аяқталған, амнистиялық актісі негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған және т.б. адамдар қабылданбайды. Ақталмау негіздеріне қылмыс оқиғасы анықталмаған, қылмыс құрамдарының әрекеттері анықталмаған жағдайларда қылмыстық ізіне түсу болмаған жағдайлар жатады.

Сондай-ақ прокуратура органдарына бұрын теріс қылықтары үшін мемлекеттік қызметтен, прокуратура органдарынан және басқа да құқық қорғау органдарынан, соттардан, юстиция органдарынан босатылған адамдар алынбайды.

Прокуратура органдарының прокурорлық лауазымына әдетте Қазақстан Республикасының азаматтары алынады. Прокуратура органдарына қызметке басқа ТМД мемлекеттерінің азаматтарын қабылдауды Бас Прокуратура шешеді.

Құқықтық қарым-қатынастардың әртүрлі салаларындағы заңның қолданылуын қадағалауды жүзеге асырумен, қылмыс жасаған адамдардың құқықтық ізіне түсу, қылмыспен күресудегі құқық қорғау органдарының әрекеттерін бағыттау және басқа да қызметтерді жүзеге асыруға байланысты прокурорлардың әрекеттерінің ерекше сипаты осындай лауазымды иеленуші

адамдардан жоғарғы талаптарға сәйкес келуді талап етеді.

Осындай шарттар мен талаптарға мыналар жатады:

- жоғарғы юристік білімді болу;
- қажетті іскерлік және моральдық қасиеттерге ие болу;
- денсаулығы мықты болу;
- әскери прокурорларға әскери міндетті болу.

Жоғарғы білімді болу дегеніміз ҚР “Прокуратура туралы” Заңына сәйкес прокурордың қызметтік міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін құқық тану мен юриспруденция салаларынан жүйелі білімді болу дегенді білдіреді. Бұл жағдай, әдетте, заң мамандарын даярлау құқығына ие, мемлекеттік лицензиясы бар жоғарғы білім беретін мекемелерде (институттарда, университеттерде, академияларда) жоғарғы юристік білім туралы дипломның болуынан тұрады.

Іскерлік және моральдық қасиеттерге бағалауда кандидатта заңдардың міндетті түрде орындалуы туралы құқықтық сана мен ішкі сенімділік жоғары дәрежеде дамыған болуы керек. Сондай-ақ, кандидат саяси және экономикалық тұрғыда сауатты, өзіне талап қоя білетін, өзінің әрекеті мен практикалық әрекетіне объективті және сыни баға бере алатын, ұйымдастыру қабілеті бар, прокуратура органдарындағы қызметтерге байланысты қиындықтарды жеңе білетін, жоғарғы адамгершілікті азамат болуы тиіс.

Тағайындалатын прокурорлардың денсаулығының мықтылығын аймақтық әскери-дәрігерлік комиссия шешеді.

Облыстық прокурорлық лауазымдарға және осыған теңестірілген прокурорларға, сондай-ақ аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорларға жасы 25-тен асқан, прокуратура органдарындағы еңбек стажы кем дегенде үш жыл істеген адам ғана тағайындалады.

Мұндай талаптар осы лауазымға тағайындалған адамдардың жетекшілік ету ісін иде тек мамандандырылған қасиеттері ғана емес, сонымен қатар белгілі -бір өмірлік және практикалық тәжірибесі бар, өзбеттерімен прокурорлық жүйенің бір сатысын басқаратын адамның болуы керектігімен байланысты.

Прокуратура органдарының қызметкерлері (ҚР Бас Прокуроры мен оның орынбасарларынан басқалары) және мемлекеттік әкімшілік қызметкерлері аттестациядан өтеді.

Прокурорлардың және прокуратура органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерін аттестациядан өткізу - олардың кәсіби дайындығының деңгейін, құқықтық мәдениеті мен оның азаматтармен және заңды тұлғалармен жұмыс істеу қабілетін тексеру мақсатында өткізіліп тұратын процедура. Сондықтан аттестацияның негізгі мақсаттары мыналардан тұрады:

- аттестацияланған адамның лауазымдық қызметке жарамдығын анықтау;
- аттестацияланған қызметкердің мүмкіндіктері мен қабілеттерін қолдану үшін анықтау;
- кәсіби компетенциясын өсіруге қызығушылығын арттыру;
- біліктілігін арттыру, кәсіби дайындығы және қайта дайындығының бағыттарын анықтау;
- кадрлардың орнын ауыстыру туралы ұсыныстар енгізу мен негіздеу;
- қызметкерді лауазымынан босату, сондай-ақ біліктілігі жоғары (немесе

төмен) қызметке ауыстыру.

Аттестация – жоғары лауазымдарға көтеру үшін кадрлар қорын қалыптастырудың немесе прокуратура органдарынан қабілетсіз қызметкерлерді босатудың негізгі тәсілдерінің бірі.

Қызметке жаңадан алынған немесе прокуратура органдарындағы қызметінде үзілістер болған адамдар жедел жұмысының кем дегенде алты айы өткеннен кейін аттестациядан өтеді.

Кезекті аттестация үш жылда бір рет өтеді. Аттестация тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры анықтайды.

Қызметкердің лауазымын төмендету, біліктілігінің жетіспеушілігі нәтижесінде қажетті деңгейде лауазымдық міндеттерін орындай алмайтынына байланысты лауазымынан босату мәселесі туған кезде, аттестация мерзімінен бұрын өткізіледі.

Аттестация өткізу үшін сол жерлерде өткізу туралы бұйрықпен бірге басшылардан тұратын аттестациялық комиссия құрылады, оның құрамына комиссия төрағасы, комиссия мүшелері және жауапты хатшы кіреді.

Қажетті жағдайларда, мысалы, аппараттағы штат саны немесе басқа да жағдайлар бола қалса, комиссия төрағаларының орынбасарлары болуы мүмкін, ал хатшы міндеттерін комиссия мүшелерінің бірі орындай алады.

Бас Прокуратурада Жоғарғы аттестациялық комиссия құрылады.

Комиссия аттестацияланған адамдарға қатысты мынадай кеңестерді қабылдауы мүмкін: мақтау; сыныптық шен беру; қызметін өсіруге ұсыну; жоғары лауазымға ұсыну; озық тәжірибемен бөлісу, зерттеу және тарату; біліктілігін арттыру үшін стажировкаға немесе оқуға жіберу. Сондай-ақ, лауазымын төмендету немесе сыныптық шенін төмендету, болмаса прокуратура органдарынан босату сияқты кеңестер де қабылданады.

Бірінші рет прокурор лауазымына тағайындалған адам прокурорлық ант қабылдайды. Ант қабылдау заң мен құқықтық тәртіпті қолдануды күшейту бойынша прокурордың қызметтік мақсаттары мен қызметтерінің ерекше сипатымен және оның осы саладағы әрекетіне байланысты. Ант бір рет қана қабылданады. Оны қабылдау салтанатты түрде, жария түрде, прокуратура басшыларының қатысуымен өтеді. Анттың жазбаша нұсқасы қызметкердің жеке ісінде сақталады.

Прокуратура органының қызметкерлері атқарып отырған лауазымына, біліктілігіне, арнаулы қызметінің стажына байланысты сыныптық шен, ал әскери прокурорларға әскери атақтар беріледі.

Сыныптық шен – прокурорлық қызметкердің мемлекеттік қызметші ретінде оның орындап отырған лауазымына, біліктілігі мен арнаулы қызметтегі стажына, білімі мен тәжірибелілігі, сондай-ақ заңды және құқықтық тәртіпті сақтаудағы жұмыс нәтижесіне байланысты берілетін атағы, арнаулы қызметтік разряды. Сыныптық шендер прокурорлармен қатар прокуратура органдарының жүйесіндегі ғылыми және білім беру мекемелеріндегі ғылыми (педагогтық) қызметкерлерге беріледі. Прокурорлар лауазымындағы адамдарға берілетін сыныптық шендер немесе әскери атақтары Заңның 49-б. 1-т. және прокуратура органдарының қызметтерін өтеу туралы, Қазақстан Республикасының

қызметкерлеріне берілетін сыныптық шендер мен әскери атақтар туралы Ереженің 26-б. көрсетілген.

11 сыныптық шендер бар: жоғарғы сыныптағы мемлекеттік юстиция кеңесшісі; 1-сыныптық мемлекеттік юстиция кеңесшісі; 2-сыныптық мемлекеттік юстиция кеңесшісі; 3- сыныптық мемлекеттік юстиция кеңесшісі; юстицияның аға кеңесшісі, юстиция кеңесшісі; юстицияның кіші кеңесшісі; 1-сыныптық юрист; 2-сыныптық юрист; 3-сыныптық юрист; кіші юрист. Бірінші төрт сыныптық шендерді тағайындау құқығына ҚР Президенті ие, ал бесіншісінен он біріншісіне дейін еліміздің Бас Прокуроры тағайындауға құзырлы.

Кезекті сыныптық шендегі мерзім мынадай: 3-сыныптық юрист-2жыл, 2-сыныптық юрист-3жыл, 1-сыныптық юрист-3 жыл, кіші юстиция кеңесшісі-4 жыл, юстиция кеңесшісі-5жыл. Аға юстиция кеңесшісінің және одан жоғарыда тұрғандардың сыныптық шенде отыру мерзімі бекітілмеген.

Сыныптық шен мен әскери атақты осындай бірізділікті сақтамай ол қызметкердің шені мен әскери атағынан бір атақ болса да артық беру оның өз қызметін үлгілі өтегенде немесе жоғарғы лауазымға ауыстырылғанда беріледі.

Алғашқы сыныптық шен немесе әскери атақты беру қызметкерлер аттестациядан өткеннен кейін ғана беріледі.

Сыныптық шен немесе әскери атақ алған прокуратура органдарының қызметкерлері оны өмір бойға алады. Сыныптық шенін және әскери атағын прокуратура қызметкерінен теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған кезде алып тастайды. Егер прокуратура органының қызметкері қызметтік міндетін аса дөрекі түрде бұзса, оны шенінен және әскери атағынан төмендетеді. Қызметкердің бұрынғы шен мен атағын қайта қалпына келтіру аттестациядан өткізу негізінде жүзеге асырылады.

Аттестациядан өтпеген, тәртіптік жазаға тартылған, жұмысында қомақты жетіспеушіліктер мен кемшіліктері бар, коллегия мен прокуратура басшылары мен құрылымдық бөлімшелердің бастықтары қатысқан жедел отырыстарда қаралу нысанасы болған жағдайларда прокуратура органдарының қызметкерлері сыныптық шен (әскери атаққа) алуға ұсынылмайды. Олар тек аттестациядан өткенде атқарып отырған лауазымына сәйкес қызмет атқарады деп танылғанда, немесе қызметінде жақсы көрсеткіштерге жеткенде ғана кезекті сыныптық шенге немесе әскери атақ алуға ұсынылады.

Кезекті сыныптық шен немесе әскери атақ бермеудің себептері көрсетілуі керек.

Сыныптық шен алғаны туралы бұйрық қызметкердің өз қолына ұсынылады, ол жеке ісіне тіркеледі және сыныптағы шені үшін берілетін ақыны төлеу үшін бухгалтерияға беріледі.

Сыныптық шен немесе әскери атақ берілген прокуратура органдарының қызметкерлері ақысыз формалық киіммен қамтамасыз етіледі, сыныптық шені немесе әскери атағы үшін төлем ақысы өсіріледі.

ҚР прокуратура органдарының қызметкерлерінің беделі қызметкерлердің компетенциясы мен моральдық-этикалық қасиеттеріне байланысты болғандықтан олар қызметтерінде де тұрмыстарында да жалпыға бірдей

адамгершілік және моральдық қағидаларды ұстануы керек. Сондықтан прокуратура органдарының кадрларының жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ҚР Бас Прокурорының бұйрығымен 2001 жылы 11-қазанда “ҚР прокуратура органдарының қызметкерлерінің қызметтік этикасының Кодексі” қабылданды.

Осы бұйрыққа байланысты прокуратура органдарының қызметкерлері өз қызметтерінде Кодекстің ережелерін басшылыққа алулары керек. Осылармен қатар прокуратура органдарының қызметкерлері деполитизация мен департизация қағидаларын сақтаулары да керек. Барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарды біріктіре алмайды, олар оқытушылықтан, ғылыми және шығармашылық жұмыстан басқа ақылы қызметтерді атқара алмайды.

Прокурорлардың өз қызметтерін жүзеге асыруда тәуелсіз болудың бірден-бір алғы шарты ол оның мемлекет тарапынан қол сұғудан қорғау кепілдігінің болуында.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заңның 50-бабында былай делінген:

“1. Прокуратура органының қызметкері мемлекеттік биліктің өкілі болғандықтан ол мемлекет қорғауында болады.

2. Прокурордың талаптарын орындамау, жәбірлеу, қорқыту, зорлық көрсету немесе прокурордың қызметіне байланысты өміріне, денсаулығына, мүлкіне немесе отбасы мүшелеріне қауіп төндіру, және оның прокурорлық міндеттерін орындауға кедергі жасайтын басқа да әрекеттер үшін заңда бекітілгендей жауапкершілікке тартылады.

3. Прокурор жасаған әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы кез-келген хабарды тексеру прокуратура органдарының өкілдері жүзеге асырады.

4. Қызметтік міндеттерін орындаған кезде заңда көрсетілмеген жағдайларда, прокурорды әкімшілік тұрғыда ұстауға, жеке тінту өткізуге, оның жеке заттары мен ол қолданатын көлікті тінтуге болмайды”.

Сондай-ақ прокуратура органдарының қызметкерлері өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін атыс қаруын ұстауға құқықты.

Барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты прокуратура органдарының қызметкерлеріне отыз күнтізбелік күннен тұратын жыл сайынғы кезекті демалыс беріліп тұрады.

Прокуратура органдарын материалдық қамтамасыз ету ҚР Президенті бекіткен мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасының органдарындағы жұмысшыларды бірыңғай еңбек ақысын төлеу жүйесі негізінде жүзеге асады.

Прокуратура органдарын зейнетақымен қамтамасыз ету ҚР зейнеткерлік заңдылығымен жүзеге асырылады.

**Дәрісті дайындағын ӘҚЖПО-ның ӘҚ кафедрасының профессоры
полиция полковнигі Е.Е. Серімов.**